

## «АЛТЫН КҮЗ»

-Қарсы алайық бәріміз

Жасымыз бен кәріміз

Қырдан кепті қыдырып

Алтын күз бізге нұр төгіп

-Тілегім аман болсын ел іргесі

Алтын күз қайта келді берекесі

Молшылықтын жаршысы бола білді

Алтын күз-ырыс береке,бірлік ала келді.

Армысыздар ұстаздар мен ата-аналар,қадірлі қонақтар! «АЛТЫН КҮЗ» әсем айналам атты ертенгілігімізге қош келіпсіздер! «Айгөлек» тобының балаларын қарсы алайық.

-Балалар қатарларын бұзбай әдемі әуенмен ішке кіреді.Орындарына тұрады.

-Флешмоб (барлық бала орындайды)

-Көктен көзін бір алмай

Қызғылт тартты кәрі күз.

Жер қызығын кия алмай,

Маужырап тұр сары күз.

Аян

Қамба толды астыққа,

Алғыс саған алтын күз.

Бір уыс дән шаштық та,

Қап-қап астық алдық біз.

Айлин

-Көрініп еліме,  
Күндері мереке.  
Келді ғой жеріме,  
Күз дейтін мереке.      Арыстан

-Думан толы асқарлы,  
Күз мезгілі басталды.  
Күз әуені кеп жетті,  
Өнге бөлеп жастарды.      Айнұр

--Ән (хор) «Біз бақытты баламыз»

-Дұрыс айтасындар балалар біз егеменді Қазақстан елінде өмір сүріп  
жатырмыз. Еліміз аман, заманымыз тыныш біз бақытты балалармыз.

-Қазір қай мезгіл?      -Күз

-Ауа-райы қандай?      -суық

-Күзде неше ай бар, атаңдаршы.      –Қыркүйек, қазан, қараша

Балаларға сұрақ-жауап ұйымдастырылады

Жапырақ үшты,  
Суық та түсті.  
Сонда да бізге ,  
Қызық көп күзде.

-Би «жапырақтар»



.-Жұмбақ: Күрке ғой көрсең алыстан,

Астында адам қорғалар.

Ұстасан бір тал қамыстан,

Төбеден суы сорғалар.

(Қолшатыр.)-«Қолшатыр» биі



-Ән салыңдар күліңдер,  
Жайнап гүлдей жүріңдер.  
Күздің тойын тойлайық,  
Би билейік ойнайық.

-Балалармен «Кім жылдам» ойынын ойнатамыз.

-Би»Классно»



-Балалар қарандаршы бүгін күн қандай керемет болып тұр.Барлығымыз бүгін әдемі киініп келдік.Көңіл күйлеріміз көтеріңкі.Сол көңіл күйімізді бимен көрсетейікші

-Би»Көңілді күн.»

-Ән хор «Ата-ананы сүйеміз.»

-Ата-аналармен ойын. Шарты:үш адам ортаға шығады

-Аю отыр партада

Екі қолы қалтада.....тақпағын әр түрлі әуенге салып айтады.

(Алтын күн аспаны)

(Аспанға қараймын)

(Кетем ,кетем деп алдайсын) әндердіңәуеніне салады.

-Ұйқыда ғалам,ұйықта балам,

Отырмын сені әлдилеп

.Кішкентай адам ең қымбат маған,

Ұйықтасын тыныш сәбилер.

-Көрініс Түскі ұйқы»



-Құрметті ата-аналар, ұстаздар. Берекелді, мерекелді, жомарт күздің сыйлаған сыйы әрбір отбасының ақ дастарханынан арылмасын. Еліміз аман, заманымыз тыныш болсын. Ертеңгілігімізді келіп тамашалағандарыңыз үшін көп рахмет.

Қош сау болыңыздар.

